

Латыш, Эстон және Литва Республикалары азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағына келуінің визалық (рұқсат ету) тәртібін енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 22 қыркүйек 1993 ж. N 933

Латыш, Эстон және Литва Республикаларының осы елдердің аумағына Қазақстан Республикасы азаматтарының келуіне визалық режим көзделетін шараларды қолдануына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Азаматтардың өзара сапарлары туралы екіжақты келісімдер жасалғанға дейін Латыш, Эстон және Литва Республикалары азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағына келуінің визалық (рұқсат ету) тәртібі енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының шекарасында халықаралық жолаушылар қатынасы үшін ашылған пункттерде Латыш, Эстон және Литва Республикаларының азаматтары жөнінде паспорт-визалық бақылауды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Латыш, Эстон және Литва Республикалары азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік азаматтардың болуы ережелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Латыш, Эстон және Литва Республикаларының аумағында тұрақты тұратын және осы мемлекеттердің азаматтығын алмаған бұрынғы КСРО азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағына келуінің визасыз тәртібі 1994 жылдың 1 наурызына дейін с а қ т а л с ы н .

5. Латыш, Эстон және Литва Республикалары азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағына келуінің визалық (рұқсат ету) тәртібі осы қаулы қабылданған күннен бастап отызыншы күні енгізіледі деп белгіленсін.

6. Сыртқы істер министрлігі Латыш, Эстон және Литва жағына осы елдердің азаматтары Қазақстан Республикасының аумағында болуының белгіленген тәртібін ж е т к і з е т і н б о л с ы н .

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі